

Шемонаиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 21/6–VIII " Шемонаиха ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 мамырдағы № 33/4-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 мамырда № 9199-16 болып тіркелді

Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 21/6–VIII " Шемонаиха ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9083-16 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет 10,9359 (он бүтін он мыңнан тоғыз мың үш жүз елу тоғыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха аудандық мәслихатының төрағасы

Г. Акулов